

Абай ауылдық округі Айнабұлақ ауылының Тәттімбет, Мөшеке Би көшелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Абай ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 қыркүйекте № 4933 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Абай ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Абай ауылдық округінің әкімінің 13.02.2019 № 01 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарқаралы ауданының Абай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Абай ауылдық округінің Айнабұлақ ауылының Тәттімбет, Мөшеке Би көшелеріне ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Абай ауылдық округі әкімі

А. Нуркенова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы
Министрлігі Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы

Т.Ж. Көпжасаров

2018 жыл "04" қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК